



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚАЗІРГІ ӘДЕБИ АУДАРМАНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ (ДЖ.ГОЛСУОРСИ ЖӘНЕ Э.А.ПО ӘНГІМЕЛЕРІ БОЙЫНША)

Сейсекова Баян Қанатқызы

b.seisekova@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кемелбекова Э.А

Тәжірибелі, талантты проза аудармашылары әркез түпнұсқаның рухын, идеялық-көркемдік ерекшелігін, образдық жүйесін, стильдік даралығын сақтауды басты парыз деп біледі [1,48].

Қазіргі кезде аударма ісі дамып келеді және жиі қолданысқа ие. Мысалы, ізбе-із аударма әр ұлттар арасында жылдам байланыс орнату арқылы конференция, жиналыс сияқты іс-шараларда септігін тигізсе әдеби аударма адамдарға басқа ұлт өкілдерінің рухани байлығымен танысуға көмектеседі. Біз әр елдің көркем шығармаларын оқу арқылы, біріншіден, сол елдің менталитетімен, әлеуметтік жағдайымен танысамыз. Екіншіден, әдеби туынды арқылы мәдениетіне де жақындай түсеміз. Үшіншіден, егер шығарманы түп нұсқада оқи алсақ, тіл байлығымызды дамытуға үлкен септігін тигізеді. ХІХ ғасырдың аяғы немесе ХХ ғасырдағы көркем аудармаларға назар аударсақ, біз көбіне олардың еркін аударма екенін байқаймыз. Мысалы, Абайдың Крыловтан аударған мысалдары мен Пушкиннен аударған «Татьянаның қырдағы әні» де еркін аудармаға мысал бола алады.

«Кейде аударма мәтінін көркем, әсерлі, шынайы жеткізу қажеттілігінен кейбір сөздер пайдаланылмай қалады. Сондықтан көркем аудармада сөздің саны түгелденбейді, көркемдік, сезімдік, экспрессиялық қуаты алға шығады. Көркемдіктің сақталуы үшін түпнұсқалық мәтіндегі сөздер түгел қолданылмайды. Бірақ мағына, ой қуаты түпнұсқадағыдан еш кемімеуі тиіс» [1,48].

Тәржімашының алдында екі жақты, бір бірінен ауыр, екеуінің де таразысы тең қос міндет тұрады. Оның бірі:

➤ Түпнұсқаның мазмұнын, сюжетін, түпнұсқа авторының негізгі идеясын мүмкіндігінше толық сақтау;

➤ Аударылатын тілдің – қазақ тілінің табиғи заңдылықтарын, нормаларын қадағалау [2,30].

Қазақ тәржімасындағы үлкен мәселенің бірі - шығармалардың көбі түпнұсқадан емес орыс тілі арқылы аударылуында. Туынды бір тілден екінші тілге, одан үшінші тілге тәржімаланғанда шығарма мазмұнында өзгешеліктер болуы мүмкін. Өйткені, әр аудармашы мәтінді өз тіліне ыңғайлап және өз стиліне жақын етіп аударады. Осы мәселеге байланысты, біз «Әлемдік классика» сериясымен жарияланған еңбектердің ішінен Б.Баймахановтың аудармасындағы американ жазушысы Эдгар Аллан Поның және Д.Әшімханның аудармасындағы ПЕН-клубтың тұңғыш төрағасы Джон Голсуорсидің әңгімелерін талдап көруді шештік. Туындының оқырманға қызықты болуы аудармашы тіліне де байланысты. Көптеген қазақ тіліне тәржімаланған шығармалардан біз орыс тіліндегі жай сөз немесе тіркес түрінде берілген сөздердің қазақ тіліне тұрақты тіркес немесе түрлі айшықтау үлгісі түрінде тәржімаланғанын байқаймыз. Мысалы:

Джон Голсуорсидің «Бәрін де жақсы жағынан көру керек» деген әңгімесінен үзінделер ала отырып және қазақша тәржімадағы кей тұрақты тіркестердің аударылуын **Б. Носиканың** орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырып көрейік.

1-кесте

Орыс тіліндегі нұсқасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
Фирма считала его человеком незаменимым и платила ему довольно неплохо	<i>Он саусағынан өнер тамған.</i>
Ее сыну Дэвиду, старшему из детей, было в то время четырнадцать, а девочкам Минни и	Ол уақытта балаларының үлкені Дэвид небары он төрт жаста, ал қыздары Минна мен

Виолетте - восемь и пять, и обе они были премиленные, особенно меньшая.	Виолеттаның бірі бесте, бірі сегізде болатын, екеуі де сүйкімді, әсіресе кішісі <i>үріп ауызға салғандай</i> еді.
"змеи, вскормленные у нее на груди"	<i>Иштен шыққан жылан.</i>
Она очень хорошо знала своего мужа...	– ал ол өз күйеуін бес саусақтай білетін.
Миссис Гергарт еле дождалась утра, лежа в своей постели...	<i>Көрер таңды көзімен атқызған; сосын құлқын сәріде орнынан тұрып...</i>
Дэвид пришел как-то домой с синяком под глазом и ни за что не хотел сказать, что случилось.	<i>Бірде жұмыстан Дэвидтің көзі көгеріп келді. «Не үшін?» Бұл сұраққа жұмған аузын ашпай қойды.</i>

Келесі мысал, «Біріншілер мен ақырғылар» әңгімесін Г. Злобиннің орыс тіліндегі нұсқасымен салыстырайық:

2-кесте

Орыс тіліндегі нұсқасы	Қазақ тіліндегі аудармасы
Чего стоишь и молчишь, как рыба?	Аузыңа маржан салып тұрсың ба?
Окончательно измучило и даже ожесточило его	Мүлде салын суға кетіріп, тіпті түңілдіріп жіберген.
Он, который и мухи не обидит. Убил человека.	Әншейінде тышқан мұрнын қанатпас адам ... кісі өлтірді!
Ему, уже почти достигшему звания судьи, стать духовником убийцы!	Судья дәрежесіне жетуге бір-ақ сүйем қалып тұрғанда, қылмыскердің рухани демеушісі болмақ па сонда!
Она вздохнула с облегчением	Қыз арқасынан бір ауыр жүк түскендей терең тыныс алды.
Вы уверены, что не выдадите Ларри?	Тісіңізден бірдеңе шығып кетпесіне сіз сене аласыз ба?
Боже мой, какая грубая работа!	Құдайым – ау, мұндай жұмысты майдан қылшық суырғандай етіп жасамаушы ма еді!
"Лежачего не бьют"	«Іілген басты қылыш кеспейді»
"Будь что будет"	«Маңдайға не жазылса соны көрем»
И оба боялись разрушить его	Оның қаймағын бұзып алудан екеуі де сұмдық қорқушы еді.

Бұл мысалдарда байқағанымыз, тәржімашы орыс тіліндегі мәтінде берілген сөйлемдерді қазақ тіліне аудару барысында тұрақты тіркестерді қолданылған. Біздің ана тіліміз – тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, көркемдегіш құралдарға бай тіл. Және осы мысалдар соның дәлелі. Бірақ, тәржімалау барысында қазақ тіліндегі баламасы болса да орыс тілінен аударылмай берілген *оригинал, операция, кресло, мадам, судья* сияқты сөздерді кездестірдік. Және *акмэ, окторон, креолка, ультиматум, мистификация, терьер* сынды кәсіби сөздер, термин сөздермен таныстық. Бұл сөздерді аудармай беру де автордың айтқысы келген ойын оқырманға қызықты етіп жеткізу үшін деп ойлаймыз. Қазақ тілінің ерекшеліктерінің бірі басқа тілдермен алыстырғанда төл туындыларда көркемдегіш құралдардың көп пайдалануы деп білеміз. Ал басқа тілдегі туындыларды халыққа жеткізуде де сондай көркемдік байқалса, ол тәржімалаушының еңбегі. Бұл шығармаларда аудармашы *алтынға бергісіз дүние, қармақ қапқан балықтай, бурыл шашы күмістей, аппақ қардай, арқасынан бір ауыр жүк түскендей, майдан қылыш суырғандай* сынды күрделі теңеулерді қолдана білгенін көреміз.

Э.Поның «Ұрланған хат» новелласының ағылшын тіліндегі нұсқасына тоқталайық. Ағылшын тіліндегі оқулықтар мен еңбектердің арасында «Selected tales» кітабы мен «The oval portrait and other stories» кітабында біз айтқалы отырған новелланың тақырыптары әр түрлі берілген. Бірінде «The Purloined Letter» болса, екіншісінде «The Stolen Letter» деп атау қойылған. «The oval portrait and other stories» кітабында «Nil sapientiae odiosius acumine nimio. Seneca» деп берілген шығарма эпилогы көрсетілмеген. Мұның себебі, кітап білім

алушыларға арналған оқулық екендігінде болса керек.

Енді, Б.Баймаханов аудармасына тоқталып көрейік:

- Ағылшын тіліндегі нұсқасында *in his little back library* деген тіркес қазақ тілінде *аядай кітапханасында* деп берілген. Яғни, кішкентай, шағын сөздерінің орнына *аядай* деген теңеуді алып отыр.
- *We had maintained a profound silence* сөздер тіркесін қазақ тіліне «*бір-бірімізге тіс жарып, тіл қатпай...*» деп тәржімалаған. Яғни, үндемей отырдық мағынасындағы тұрақты сөз тіркесін пайдаланған.
- *We had been sitting in the dark* – ақшамда жарықсыз отырғанбыз. Біз қараңғыда отырғанбыз сөйлемінің орнына жарықсыз отырғанбыз тіркесін қолданған және *ақшамда* сөзі арқылы, оқиғаның болған мезгілін көрсеткен.
- *But sat down again, without doing so* – қайта *сылқ ете түсті*
- *We have all been a good deal puzzled* – біздің бәріміз де *қайран қалып* отырмыз
- *Laughing heartily* – *ішек-сілесі қатқаниша* күліп....
- *His lynx eye* – «*сілеусіндей көкішіл көзі*» тіркесінде сілеусін сөзін теңеу ретінде алып, көкішіл сөзін қосқан.
- *The personage robbed is more thoroughly convinced, every day* – күн өткен сайын *көзі кәміл жетіп* отыр
- *Amid a perfect whirlwind of smoke* – *аузы-мұрнынан* темекі түтінін будақтата шығарып...
- *Of being destroyed* – *көзін жою* мүмкіндігі
- *To be sure! hang him and welcome.* – Иә-иә, құрыса құрып кетсін сол! *Алдынан жарылқасын!*
- *The Prefect appeared absolutely thunder stricken* – Префект болса, *үстінен жайдың оғы түскендей, отырған жерінде сілейді де қалды.*
- *without having uttered a syllable since* – *тіс жарып, тіл қатпаған*

Бұл мысалдардан байқағанымыздай, туынды ағылшын тілінен тікелей аударылмаса да шығарма мазмұны түпнұсқаға жақын. Сонымен қатар, аудармашы тәржімалау барысында сөйлемдер мен сөз тіркестерінің орнына тұрақты тіркестерді көбірек қолданған. Оған, *қайран қалу, тіс жарып, тіл қатпау, көзі кәміл жету* сияқты тіркестер мысал бола алады және көркемдегіш құралдардың ішінен күрделі теңеулер жиі қолданылған. Мысалы, *үстінен жайдың оғы түскендей, сілеусіндей көкішіл көзі, аядай*, т.б

Біз «Әлемдік классика» сериясынан Дж.Голсуорси және Э.А.Поның бірнеше шығармаларымен таныстық. Шығарманы оқып, орыс және ағылшын тілдеріндегі нұсқасымен салыстыра отырып, аудармашы тілінің шеберлігіне көз жеткіздік және тәржімашының көркемдегіш құралдарды қолдануының арқасында басқа тілдегі туындыдан қазақи болмыстың иісін сездік. Шығарма басқа тілде жазылған болса да, аудармашы автор тілін сақтай отырып туындыда ағылшын менталитеті мен сол кезеңдегі әлеуметтік жағдайды көрсете білген. Шығармадағы диалогтардан автор кейіпкерлерінің мінезін, көңіл-күйін, ұстанымдарын және жазушының өмірдегі, шығармадағы бағытын байқаймыз. Қорыта айтқанда, шығарма қай тілден аударылса да мәтіннен түпнұсқаның мазмұны, сол елдің жағдайы және авторды жазу стилі байқалуы тиіс. Ол тәржімашыға қойылатын басты міндет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аударманың өзекті мәселелері// Құраст: С. Құлманов. – Алматы: «Palitra – Press» - 2015, – 296 бет.
2. Алдашев А. Аударматану: (Лингвистикалық жәнә лингвомәдени мәселелер) – Алматы: «Арда», 2006, – 248 бет.
3. Джон Голсуорси. Орыс тілінен аударған Д.Әшімханұлы. – Астана:Аударма, 2011, – 456 бет.
4. Асқар таулар аңызы. Новеллалар./ Эдгар По.Орыс тілінен аударған

Б.Баймаханов.Астана:Аударма, 2011. – 344 бет.

5. Эдгар По. Избранное. Книга для чтения на английском языке. – СПб.: «Химера», 2001. – 192 с.

УДК 811.133.1(100)

ФРАНЦУЗСКИЙ ЯЗЫК В МЕЖДУНАРОДНОМ ОБЩЕНИИ

Сейтхамит Азамат Жұмағалиұлы

mrseitkhamitov@gmail.com

Студент 3 курса факультета международных отношений, специальности
международные отношения ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – К.О. Ергалиева

Все мы сегодня привыкли считать, что английский является языком международного общения, что нет языка более распространенного чем английский. Но всегда ли было это так? Английский язык крепко закрепил свои позиции лишь в начале XX века, когда был подписан Версальский мирный договор в 1919 году, окончивший Первую мировую войну. До этого момента мировое господство было в руках французского языка. Он охватывал все сферы жизнедеятельности европейцев, и был средством международного общения. Указы правителей государств, международные договоры, любая документация, международные конференции и конгрессы велись на французском языке, до начала XX века. Французский язык называли «языком дипломатии». Многие ученые того времени писали свои работы на этом галантном языке, например, знаменитый венецианский путешественник Марко Поло диктовал свои заметки о совершенных им путешествиях на французском. Король Англии Эдуард III не знал ни одного английского слова. Все законы и протоколы составлялись в этой стране на французском и латинском языках. А великий император Священной Римской империи Карл V говорил: «Я говорю по-английски с торговцами, по-итальянски с женщинами, по-испански с богом, по-немецки с моей лошадью, а по-французски с мужчинами». И по сей день, после сокращения имперского влияния Франции, французский остается одним из мировых языков.

В данной статье, я постараюсь осветить причины популярности, роль и современное использование французского языка в международном общении.

Чтобы выявить причины распространения французского языка, необходимо заглянуть в историю. На роль средства международного общения в давние времена могли претендовать лишь латинский и греческий языки, ввиду расцвета Римской империи. Французский же, эволюционировав из латинского, использовался лишь на территории Галии, которая была завоевана римлянами. Со временем, французский начинает набирать популярность. И первым текстом на французском, ставшим предметом межъязыкового контакта, явилась Страсбургская клятва – «Serment de Strasbourg», которую Людовик Немецкий произнес в 842 году перед воинами французского короля Карла Лысого, заключая с ними союз. Позднее в XI веке, с началом Крестовых походов, французский язык выходит за границы Франции, тогда французский становится общим языком многих крестоносцев. Таким образом, французский начинает распространяться на Ближний Восток, где на время походов утвердились французские династии. В придворных кругах Англии, Италии начинают говорить лишь на французском.

Начало Нового времени ознаменовалось усилением политического влияния Франции, которое было связано с приходом к власти Короля Людовика XIV (Великий, Король Солнце). Во время его царствования, значительно возросли военная мощь, политический вес, интеллектуальный престиж Франции. Франция начала завоевывать территории и укреплять свои позиции не только на европейском континенте, но и в других частях света. Начинает набирать популярность французская культура за рубежом. Все это благоприятствует